

Т. Тулегенов*, А. Амаргазиева

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Қазақстан, Алматы қ.,
*e-mail: tur4ik_kz@mail.ru

ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУ ЖҰМЫСЫ: ЕСІК ҚОРЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІ

Аталмыш мақалада Есік қорымының көне заман ескерткіші ретінде қорғау, сақтау және пайдалану мәселелеріне баса назар аударылады. Сондай-ақ Есік қорымының қазіргі таңдағы техникалық жай-күйіне қатысты заңнамалық құжаттарды қайта қарастыру мен толықтырулар бойынша ұсыныстар келтіріледі. Жалпы, мәдени мұраны сақтауға арналған ауқымды шараларды тек қана қорық-музейлердің қызметкерлерімен шектелмей, бүкіл халық болып қорғауға тұрарлық дүниелер ретінде танытады. Материалдық мәдениет ескерткіштері – халық меншігі, олардың қамқоршысы да халық. Сондықтан халық мұрасын сақтап, қайта қалпына келтіріп, бүгінгі буынның ойын қозғап, сезімін тебіренту. Ал бұл археология ғылыми идеясының басты бағыты ретінде кезек күттірмейтін, күнделікті және үнемі тоқтаусыз күресе беретін абыройлы іс болып табылады. Сол себепті де мақалада жыл сайын анықталған (бұрын- соңды белгісіз болып келген) ескерткіштерге археологиялық зерттеулер жүргізу және құжаттық тіркеу жұмыстарын қолға алу жолдары қарастырылады. Сондай-ақ бұл мақаланы өмірлік ұстазымыз Бекен атаға (Бекмұханбет Нұрмұханбетовке) арнаймыз.

Б. Нұрмұханбетов ғұмырының басым бөлігін тарихи-мәдени ескерткіштердің зерттелуі мен танылуына, сақталуына арнаған археолог-ғалым. Өмірінің соңында өз шәкірттеріне де осы ізгі істі қолға алуды өтініш етіп қалдырған болатын. Аталмыш мақала сол абыз археологтың өсиетін орындау мақсатында жазылды.

Түйін сөздер: археологиялық ескерткіштер, мәдени-мұра, Есік қорымы, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңы.

T. Tulegenov*, A. Amargazieva

State historical and cultural reserve-museum "Issyk", Kazakhstan, Almaty,
*e-mail: tur4ik_kz@mail.ru

Security work of historical and cultural monuments of local importance: the current technical condition of the Yesik burial ground

This article is devoted to the protection, preservation and use of ancient monuments of the Issyk reserve. There will also be proposals to revise and supplement legal documents regarding the current technical condition of the Issyk burial ground. On the whole, large-scale cultural heritage preservation events are presented not only by the museum-reserve staff, but by the entire population as protected items. Monuments of material culture are the property of the people, their patron is also the people. Therefore in order to preserve and restore the heritage of people, to excite the emotions of the modern generation. And this is one of the main directions of the science, which is an honourable one, which fights on a daily, regular and regular basis. This is why the article discusses how to conduct archaeological research and documentary records of previously discovered (previously unknown) monuments. We also dedicate the article to our mentor Beken ata (Bekmukhanbet Nurmukhanbetov).

An archaeologist B. Nurmukhanbetov spent most of his life exploring recognising and preserving historical and cultural monuments. At the end of his life, he also asked his students to do this good work. This article was written to fulfill the command of an archaeologist.

Key words: Archeological statues, cultural heritage, Issyk -reserve, the law of the Republic of Kazakhstan on the protection and use of objects of historical and cultural heritage.

Т. Тулегенов*, А. Амаргазиева

Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык», Казахстан, г. Алматы,

*e-mail: tur4ik_kz@mail.ru

Охранные работы на памятниках истории и культуры местного значения: современное техническое состояние некрополя Иссык

В статье рассматриваются проблемы, связанные с защитой, сохранением и использованием археологических объектов Иссыкского некрополя. Также анализируются предложения и дополнения, касающиеся правовых законодательных норм текущего технического состояния некрополя Иссык. В целом, необходимо отметить, что масштабные мероприятия по сохранению культурного наследия иницируются не только сотрудниками заповедников-музеев, но и местным сообществом. Памятники материальной культуры являются достоянием народа, их попечителем является также народ. Поэтому сохранение и восстановление народного наследия является обязанностью нынешнего поколения. И это одна из ключевых областей археологии, которая является почетной, ежедневной и постоянной.

Именно поэтому в статье обсуждается вопрос, как проводить документирование археологических объектов и вновь выявленных памятников археологии. А так же, статью мы посвящаем нашему наставнику Бекен ата (Бекмуханбету Нурмуханбетову).

Б. Нурмуханбетов – археолог, ученый, посвятивший большую часть своей жизни изучению, исследованию и сохранению памятников истории и культуры. Его жизненным стремлением и пожеланием являлось то, чтобы после его ухода ученики продолжили эту деятельность. Предлагаемая статья отражает лишь часть завещанного им Великого дела.

Ключевые слова: археологические памятники, культурное наследие, некрополь Иссык, Закон Республики Казахстан «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия».

Кіріспе

Есік қорымы Іле Алатауының батыс сілемдерінің етегінде орналасқан. Қорым көшпелі және жартылай көшпелі тайпаларынан бүгінге дейін жеткен тарихи-мәдени, археологиялық мәнге ие мұра болып табылады (Определение границ территории и зоны охраны государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык», 2011:3). Аталмыш ескерткіш археологиялық әдебиетте 1936 жылдан бері белгілі, оны алғаш рет көрнекті археолог және шығыстанушысы А.Н. Бернштам өз жазбаларында көрсеткен, бірақ ол өзінің бұл еңбегін Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін ғана жариялай алды (Бернштам, 1948:3). Ал бастапқы археологиялық зерттеулер К. Ақышев, Б. Нұрмуханбетов, А.Г. Максимова сынды ғалымдардың жетекшілігімен жүргізілді. 1968 жылы Жетісу археологиялық экспедициясының ғалымдар тобы 4 ұсақ қорғанында қазба жүргізді. Ең маңыздысы 1969-70 жж. К. Ақышевтың жетекшілігімен Б. Нұрмуханбетов жүргізген экспедициясы болды, сол экспедиция нәтижесінде қазіргі таңдағы Тәуелсіздіктің символына айналған «Алтын адам» табылды. Міне, осы күннен бастап Есік қорымының аты әлемге әйгілі болып, тарихи-мәдени мұра ретінде белгілі бола бастады.

Бүгінде мәдени мұраны сақтау, қалпына келтіру және дәріптеу еліміздегі мәдениет саласындағы атқарылып жатқан шаралардың

маңызды бағыттарының бірі. Еліміз Тәуелсіздігін алғаннан кейін әлемдік тәжірибеге сүйене келе бірқатар заң қабылданып, арнайы бағдарламалар жүргізіліп келеді. Сонау 1666 жылғы Швеция қаралының алғашқы актінен бастап (Urton, 1998:312), кейінгі жылдардағы ЮНЕСКО бағыты бойынша заңнамалық құжаттарда көрсетілгендей 122 еліндегі 754 тарихи-мәдени ескерткіштің қорғалуы жөніндегі бағдарламаларына аса назар салуда (Нормотивные и практические меры по охране культуры, 2008:309). Бүгінде елімізде ресми деректерге сүйенсек, 25 мың астам тарихи-мәдени ескерткіш заңды түрде қорғалып келеді (Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану). Дегенмен бұл саладағы кезек күттірмейтін не болмаса шұғыл қолға алуға тұрарлық мәселелер әлі де болса баршылық. Сондай мәселенің бірі де бірегейі Есік қорымының қазіргі таңдағы техникалық жай-күйі. Яғни жаңа күшіне енген Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес ескерткіштерді тіркеу (<https://online.zakon.kz/document>), сипаттау және картаға түсіру жұмыстарын жаңа деңгейде жүргізу керектігі осы мақалада қарастырылған. Сонымен қатар бұл құжаттық жұмыстарды реттеу барысында ең әуелі тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін пайдалану ісінде археологияның қолданбалы қағидаттарын қалыптастыру және қолданысқа енгізу жолдарын қарастырған жөн деп санаймыз.

Есік қорымы ескерткіштерін құжаттандыру мәселесі

Есік қорымы осы атаумен 1980 жылдан бастап «Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде» тұр. Соңғы тізім Алматы облысы әкімдігінің 2010 жылғы 27 сәуір айындағы №53 қаулысымен толықтырылып, Алматы облысының Әділет басқармасында 2010 жылдың 7 маусымында 2052 нөмірмен тіркелген. Соңғы тізім: (алғашқыларын айтпағанда) Есік қорымының құрама бөліктері, мерзімі, бүгінгі сақтау қалпы мен пайдалану сипаттары туралы жаңа зерттеулерді, мәліметтер мен деректерді толық қамтымайды. Ескерткіштің бүгінгі қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмір өрісіндегі құндылығы тіптен аталмаған, ашылмаған.

Есік қорымының археология ғылымына белгілі болғанына – 93 жыл, «Алтын адам» арқылы әлемге танылғанына – 50 жыл, мемлекеттік есепке алу тізіміне енгеніне – 40 жыл, мемлекеттік белгі, елдік бренд саналғанына – 29 жыл, мемлекеттік стратегиялық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттелгеніне – 18 жыл толыпты. Аталмыш бағдарлама сегіз ай бойы әзірленіп, 2004 жылдың басында қабылданғанына қарап оның ауқымы мен көтерер жүгінің қаншалықты кең екенін білуге болады. Қабылданған күннен бастап бұл мемлекеттік бағдарлама содан бергі уақытта ғылыми және мәдени ортада зор серпіліс туғызып, қоғамымызды рухани жаңғыртуға маңызды рөл атқарып келеді.

«Мәдени мұра» бағдарламасының екінші кезеңінде Елбасы мәдени туризмді өркендету мәселелеріне мұқият назар аударды. Мұндай ескерткіштер қатарына Жаркент, Тараз ескерткіштері, Есік қорғандары да енді. Бұлар әлемдік туризмде Қазақстанның көне мәдениетін танытуға, насихаттауға сеп болатын ескерткіштердің бірі болмақ. Ол үшін туризм жолындағы әрбір қорық-музейлердің сипатына қарай жеке-жеке тұжырымдамасын әзірлеп, олардың мәртебесін белгілеген жөн деп өз ойын жеткізді. Соның негізінде туристік маршруттар жолындағы қорық-музейлердің даму жолын айқындайтын Бас жоспар жасауды Үкіметке тапсырды.

Мәдени туризмді дамыту үшін тарихи орындарымыздың бәрін музейлендіру керектігі белгілі жәйт. Алайда, бұл музейлер қазіргі өлкетану музейлері сияқты, бірінен бірі айнамайтын, біріне-бірі ұқсас болмауы керек. Әрбір музей халқымыздың қиын тағдыры мен өткен

жолынан сыр шертіп, Қазақстанның ежелгі тарихын кезең-кезеңімен көрсете алатындай етіп, сол заманның атмосферасын, сол дәуірдің ортасын жасау керек деп өз ойын тұжырымдады.

Елбасы Қазақстан халқына жолдауындағы тарихи-мәдени мұраларды сақтау жолындағы атқарылған шаралар:

Сөйтіп, ашық аспан астындағы «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі (ары қарай қорық-музей) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 43 қаулысының негізінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен іске асқан «Мәдени мұра» (Мухтарова, 2015:20) Ұлттық стратегиялық бағдарламасы аясында құрылды. Қорық-музейдің қызметі негізінен Есік қаласының маңында орналасқан өзінің негізгі объектілері – тарихи-мәдени мұра құндылықтардың бірі, 200-ден астам археологиялық ескерткіштерді сақтау мен қорғауға, жүйелі ғылыми-зерттеу, насихаттау барысында мәдени-ағарту және туристік қызметтер ұйымдастыру болып табылады.

«Есік» қорық-музейінің нақты қорғау аумағының шекарасы бекітілгеннен бастап, Есік қорымының техногендік және антропогендік ықпалмен бұзыла қоймаған бір бөлігі қорғауға алынды. Сонымен қатар 2013 жылы 9 тамыз айынан бастап «Есік» қорық-музейінің тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың шешімі бойынша қорғау аймағы – 422, 7 га жерді құрады.

Бүгінде аталған археологиялық ескерткіштер орналасқан жер телімдерінің басым көпшілігі өз мақсаттарында, яғни ғылыми, мәдени, музейлік, білім беру және туристік мақсаттарда толық пайдаланылмайды. Керісінше, олар 2003 жылы ол жерлер (қазіргі кезде қорық-музей әкімшілігінің айналасындағы жер телімі) жеке шаруа қожалықтарына заңсыз түрде сатылып кеткен, ал үш бөліктен тұратын Өрікті қала жұртының орнының екі бөлігі бүгінде зиратқа айналған. Аты әлемге әйгілі сақ обаларының кейбіреулерінің айналасын жаңа құрылыстар қоршап тұр. Отыз шақты обалар бүйірлерінен мұжылып саяжайлар арасында жатыр (1, 2-сурет). Олардың айналасы күл-қоқыс күресінге айналған. Қорық-музей құрылғаннан бастап осы мәселе көтеріліп келеді. Атап айтсақ, 2014 ж. қазан – 32 жер пайдаланушылар бойынша (жалпы ауданы – 118,8 га жер) «Алу-сату жөніндегі және де басқа құжаттары жөніндегі Әкімшіліктің

Қаулысы жарамсыз деп танылып» Еңбекшіқазақ ауданының прокуратурасы талапкер ретінде №2 Аудандық сотқа арыз түсіреді. Ал 2015 ж. – іс Алматы облысының Экономикалық сотына жіберілді.

Бүгінде сот процестері жалғасып, бұл мәселе онынан шешімін тауып келеді деуге болады.

2015 жылдан 2020 жылдың 07 ақпанына дейін аудандық әкімдікпен азаматтар мен кәсіпкерлерге «Есік» қорық-музейінің қорғау аумағынан заңсыз берілген жер телімдері құжаттарының күшін жою мақсатында экономикалық және аудандық соттарға барлығы 17 талап арыз беріліп, оның 13-і қанағаттандырылды.

Сөйтіп, қорғау аумағында орналасқан барлығы 422,7 га жер телімінен 42,4 га жер телімдері құжаттарының күші жойылды. Ал 4 талап арыз 36,9 га жер телімі бойынша аудандық сотта әлі де қаралу барысында.

Бұдан басқа, дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібімен қорғау аумағында орналасқан 14,77 га жер телімі қайтарылды, яғни осы жер телімдерінде орналасқан 4 мәдени мұра ескерткіші (қорған) қайтарылды.

Қазіргі таңда азаматтар мен кәсіпкерлерге тиесілі қорғау аумағындағы қалған жер телімдерінің күшін жою үшін жұмыстар жалғасуда. Себебі бұл жер телімдерінде 40-тан астам қорған орналасқан.

2019 ж. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мемлекеттік бағдарламалық мақаласы аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жасалды. Есік қорымы Қазақстанның киелі объектілерінің жалпыұлттық тізіміне (археологиялық және архитектуралық нысаны ретінде) енген (<https://www.zakon.kz/4943305-7-osobyh-sakralnyh-mest-almatinskoy>). Сол себепті, бұл киелі орынды (қорымды) қорғау, сақтау және пайдалану бағыттарын заман талаптарына сай дер кезінде көп салалы, жүйелі, іс-шаралар атқару қажеттігін талап етеді. Бұл жұмыстардың толыққанды нәтижелі болуы үшін мемлекеттік атқарушы органдардың күзіретіндегі құжаттар қолымызда болуы шарт. Есік қорымын қорғау, сақтау және пайдалануға байланысты кезек күттірмей атқарылуға тиісті іс-шараларды ұсынамыз:

1. Есік қорымының төлқұжаттарын қолда бар жаңа деректер мен сараптамааларға сүйеніп толыққанды қайта толтыру қажет.

Есік қорымындағы обалы-қорғандардың саны соңғы (2010 ж.) тізімдегідей 47 емес, **151**;

Мерзімі болса аталмыш Тізімдегідей б.з.д V-IV ғғ. емес, **б.з.д. X-XI ғғ.**

Бүгінгі күнгі пайдалану сипатына тоқталсақ, ескерткіш ішінара **музейлік, білім беру, ғылыми, туристік бағыттарда пайдаланылады.**

Жалпы жоспары: **бар.**

Қорғау аумағы – шекаралары белгіленіп бекітілген. Қысқасы, өздеріңіз көріп отырғандай төлқұжаттардағы анкеттік деректердің бәрін қайта толтыру қажет.

2. Алдағы уақытта 1000 га астам аумақты қамтитын Есік қорғандарының бүгінгі орналасқан орындарына, техникалық сақталу жағдайларына, әр мақсатта пайдалану мүмкіндіктеріне т.б. сол сияқты ерекшеліктеріне сараптама-лар жасап, топтау және әр топтың, ондағы әр объектінің төлқұжатын толтыру сынды шаруалар атқарылуға тиіс. Есік қорымының қорғандары қамтитын аумақты атүсті шолып өткеннің өзіндегі көрініс төмендегідей:

Есік қорымын, орта белінен, түстік бағыттары бойынша өтетін автокөлік жолы екіге бөледі. Жолдың Есік қаласына кірер оң жағы – ескерткіштің Батыс аумағы, сол жағы – Шығыс аумағы деп аталады.

Қорымның батыс аумағы: «Қорық-музей», «Алтын алма», «Көксай», «Береке», «Бәйтерек» аталатын бөліктерден тұрады.

Қорымның шығыс аумағын: «Салтанат», «Есік-I», «Есік-II» топтары құрайды.

3. Есік қорымының археологиялық қазбаларымен қамтылған қорғандарын мемлекеттік тізімнен шығару; Неге?

1968 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Есік қорымындағы қорғандардың бірін-сарандарына ғана археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Олардың араларында мемлекеттік тізімде жоғы да, тіркелгендері де бар. Оларды іздеп тауып, заңды тұрғыдан тіркеп, есепке алу керек.

Олардың әзірге бізге белгілілері:

Есік қорымының Батыс аумағының «Қорық-музей» тобындағы №№43,74,75,76 обалары;

Есік қорымының Шығыс аумағының «Есік-II» тобының №116 обасы.

4. Ескерткіш құрамындағы табиғи әсерлердің немесе әртүрлі шаруашылық әрекеттер салдарынан бұзылған апатты қорғандарға археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу керек. Себебі, «Есік қорымына» жататын қорғандардың арасында бүгінгі сақталу жағдайы өте төмен дәрежедегі қорғандар жеткілікті. Олар:

Ескерткіштің «Есік» қорық-музейінің қорғау аумағының шекараларынан тыс жатқандар;

Шаруашылық қожалықтар мен саяжай кооперативтерінің жер телімдегілері;

Түгел дерлік әртүрлі табиғи немесе антропогендік әсер зардабынан бұзылғандар.

Бұл обаларда заң талаптарына сай **қорғау, сақтау іс-шараларын жүргізудің жалғыз жолы** археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу. **Түпкі мақсаты:** объектілерді біржолата жоғалтып алудың алдын алып, олардан шыққан, табылған артефактар мен деректерді ғылыми, білім, музейлік мақсаттарда пайдалану. Ал, босаған аумақтарды өзге игілікке жарату.

Осындай іс-шаралар жүргізілуін қажет ететін қорғандар мыналар:

I. Есік қорымының батыс аумағы. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей тобы. Есік-Алматы тас жолының оң жағында саяжайлардың батысы мен солтүстігіне жақын аймақта орналасқан. Қорғандардың биіктіктері – 1,5-5,5 м, диаметрлері – 15-50 м. Түстік бағыттары бойынша ұзындығы 3 км, ені орта есеппен 1,5 км аумақты қамтиды. Жалпы жоспарда №№1 ден 87 дейінгі обалар орналасқан. 87 обаның 10-на қазба жұмыстарын жүргізу керек. Олар қазір (№42, 77-78, 80-87) апатты жағдайда тұр. Қазірде бұл жер түгелдей тұрғын үй тұрғызу мақсатындағы жер теліміне бөлініп берілген. Нәтижесінде, тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймағы бұзылып, ескерткіштердің тарихи қалыптасқан ансамбльдік құрылысы көрінбей қалған. Атап айтқанда: а) әр қорғанның айналасына тақау: құрылыс нысандары тұрғызылған, тұрғызылуда және тұрғызуға бөлініп берілген; б) қабір үстіндегі қорған етектерінде дәреханалар орналасқан; в) қорған үстін, төңірегін күресін басқан.

II. Есік қорымының шығыс аумағы (II топ). Б.з.д. IV-III ғғ. жерлеу орындары. «Автодром» орналасқан алаңның шығыс және солтүстік жақтары түйіскен бұрышта. Қазірде бұл аумақта тұрғын үйлер тұрғызылып жатыр. Нәтижесінде, мемлекет қорғауындағы археологиялық ескерткіштер түгелдей дерлік бұзылған. Атап айтқанда: а) қабір үстілік құрылыстар аршылып алынып, тұрғын үй іргесін құюға жұмсалған; б) қабірлердің үстінен тұрғын үйлер мен көлік және жаяу жүргіншілер жолдары түскен.

III топ. Б.з.д. III-II ғғ. жерлеу орындары. Қазіргі «Электрокабель» зауыты мен саяжай арасындағы аймақта. Бірнеше қорғаннан тұратын мемлекет қорғауындағы археологиялық ескерткіштер. Қазіргі бұл жер тұтастай тұрғын үй тұрғызуға бөлініп берілген. Атап айтқанда: а) 11 қорғанның 7-нің қабір үстілік құрылыстары аршылып тасталған; б) үсті ашық қалған қабірлерге үйлер тұрғызылып, іргетастар құйылып,

құрылыс материалдары үйілген; в) Шығыс жақтағы 3 қорғанның екеуін резервуар, біреуін – тұрғын үй жауып қалған.

IV топтағы жекелеген, ешқандай топ құрамына кірмейтін қорғандар Есік саяжайларының ішкі аумағында орналасқан. Қазірде, бұл тарихи-мәдени мұра объектілері археологиялық ескерткіштерді қорғау және пайдалану саласындағы заңнама талаптарына сай емес. Атап айтқанда: а) қорғандардың қорғау аймағын құрылыс орындары мен бау-бақшалар басып қалған; б) сақталуы қамтамасыз етілетін және археологиялық жұмыстар жүргізу нормаларына сәйкес емес.

Саяжай кооперативтері жер телімдерде қалған қорғандардағы археологиялық қазба жұмыстарын қаржыландыруды сол саяжай басқармасы немесе ынта білдірген жеке тұлғалар есебінен қаржыландыру мәселесін шешу; Неге?

Бюджеттік шығынсыз көзделген мақсат орындалады. Ескерткіштерді қорғау, сақтау және пайдалану іс-шараларына көпшілік қоғам өз үлестерін қосуға мүмкіндік алады.

«Мәдени мұра» бағдарламасының үгіт-насихатының ең көрнекті, нақтылы түріне саяды.



1-сурет – Есік қорымының аэрофото түсірілімі



2-сурет – «Есік» қорық-музейінің аэрофото түсірілімі

Қорытынды

Қорыта айтқанда, бұл ұсыныстар мемлекеттік тарихи-мәдени мұраларды сақтау бойынша бағдарламалардың түпкі мақсатына қайшы келіп, көзге түрткі, көңілге түйткі болған жағдайларға бағытталады. Мұндай көп салалы, бір жүйедегі ауқымды іс-шаралардың атқарылуына, ең алдымен, өкілетті органдар тарапынан қажетті құжаттар арқылы жүзеге асырылуы қажет. Бүгінгі күн тәртібінде тұрған кезек күттірмейтін осындай ғылыми-практикалық бағдарлама арнаулы қаржылармен қамтамасыз етілуі керек. Сондай-ақ, Республикалық, өңірлік және жергілікті маңызы бар палеомәдени, тарихи және табиғи киелі орындардың көпшілігі сыртқы күштердің әсерінен бұзылып, жойылу қаупі

төнгендіктен мемлекет тарапынан қорғауды қажет етеді (Тоқпанов, 2019:249). Қазақстанның киелі жері – тарихи-мәдени мұраның нысандары ретінде ескерткіштің сақталудағы мәні – жас ұрпақты Отан сүйгіштікке тәрбиелеудегі атқаратын қызметі. Елбасы баяндамасында: «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейліктің басты элементтерінің бірі», – деген болатын (<http://www.akorda.kz>). Демек сан ғасырлар куәсі болып келген киелі жерді өз деңгейінде сақтап, жас ұрпаққа аманат ету киелі борышымыз болмақ.

Әдебиеттер

Археологическая карта Казахстана: Реестр/ отв. ред. Е.И. Агеева, А.К. Акишев. (1960). Алма-ата: Изд-во АН КазССР. 450 с.

Алматы облыстық мәслихатының №21-133 Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің «Есік» қорық-мұражайының тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын бекіту туралы» шешімі, 9 тамыз 2013 ж.

Бернштам А.Н. (1948) Прошлое района Алма-Ата: историко-археологический очерк. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 17 с.

Ельницкий Л.А. (1977) Скифия евразийских степей: историко-археологический очерк. – Новосибирск. С. 65.

Законодательство Республики Казахстан об охране и использовании объектов историко-культурного наследия // UR:https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1001290#pos=4;-55. Қаралым күні 13.02. 2020.

Определение границ территории и зоны охраны государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык» Том 2. Книга 2 Шифр 41-11 (2011). //Научно-проектная документация. Рук.: директор научно-исследовательского проектного филиала РГП Казреставрация: К.О. Джолдасов, кандидат архитектуры Г.М. Камалова и др. Алматы, 73 стр. ЕҚМ ҚК 78.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы //UR:http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy. Қаралым күні 13.02.2019 ж.

Мухтарова Г.Р. (2015) Охранная зона Государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык»: История вопроса, проблемы, решения. //Отчет-Альбом: Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык». Алматы, 56 с.

Нормативные и практические меры по охране культуры. (2008) Справчник ЮНЕСКО. – Алматы. 309 с.

Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану//UR:<http://e-history.kz/publications/view/460>. Қаралым күні 22.05.2020 ж.

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың ережелерін және пайдалану режимін бекіту туралы //UR:http://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V070004925_20.08.2007. Қаралым күні 11.02. 2020.

Тоқпанов Е.А. (2019) Алматы облысындағы ішкі туризмді дамытудағы киелі жерлерінің алатын орны //Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. 3 қазан. Нұр-Сұлтан, 345 б.

Семь особых сакральных мест Алматинской области //UR:<https://www.zakon.kz/4943305-7-osobyh-sakralnyh-mest-almatinskoy.html>. Қаралым күні 14.02.2020.

Holliday P.J. (1999) Time, History, and Ritual on the Ara Pacis Augustae //AB. December. vol. 72. №4. – P. 542-557

Upton A.F. (1998) Charles XI and Swedish Absolutism. Cambridge Cambridge University Press. P. 312.

References

Archaeologicheskaya Karta Kazakhstana: Registry/ Res. Ed.E.I. Ageeva, A.K. Akishev (1960) [Archaeological map of Kazakhstan]. Alma-ata: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. – 450 str.

Almaty oblystyky maslihatynyn №21-133 Kazakhstan Respublikasynyn Madeniet ministriligi Madeniet komitetinin «Esik» koryk-murazhayynyn Tarikhi-Cultural heritage obektiterinin korgau aymaktarynyn, Qurylys Salud retteu aymaktary changed korgalatyn tabigi landscape aymaktarynyn shekaralaryn bekitu turaly» sheshimi [Solution Almaty regional maslikhat №21-133], 9 tamiz 2013 zh.

Bernshtam A.N. (1948) Proshloe rayona Alma-ata: istoriko- arheologicheski ocherk [Historical and archeological feature article]. Alma-ata: I'zdotelstvo AN KazSSR. 17s

Elnitsky L.A. (1977) Scyfya eurasyskyh steppey: Istrika-arheologicheskyyh stepey [Scythia of the Eurasian steppes: Istrikio-archeological essay]. Novosibirsk. 65 str.

Zakonodatel'stvo Respubliki Kazakhstan ob okhrane i ispol'zovanii ob'yektov istoriko-kul'turnogo naslediya [Legislation of the Republic of Kazakhstan on the protection and use of objects of historical and cultural heritage]//UR:https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1001290#pos=4;-55. Karalim Kuni 02.13. 2020.

Opredeleny granic territorii i zony ohrany gosudarstvennogo istoriko- kulturnogo zapovednika- muzeya "Issyk" [Determination of the boundaries of the territories and protection zones of the State Historical and Cultural Reserve-Museum "Issyk"] Tom 2. Kniga2. Shiphr 41-11 Nauchno – proektnaya dokumentaciya. Ruk.: Director nauchno- issledovatel'skogo proektnogo phialiala RGP. Kazrestavraciya: K.O Djoldasov, kandidat arhitektury G.M. Kamalova i dr. (2011). Almaty. 73 str.

Memleket bashisinin «Bolashakka bagdar ruhany jangiru» atti makalasi [Article of the Head of State "Looking into the Future: Modernization of Public Consciousness"]//UR:http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshy-synyn-bolashakka-bagdar-ruhany-zhangyru-atty-makalasy. Karalim Kuni 13. 02.2019.

Muhtarova G.R (2015) Ohrannaya zona Gosudarstvennogo istoriko-kulturnogo zapovednika- muzeya "Issyk". Istoriya voprosa, problemy, resheniya [The security zone of the State Historian-Cultural Reserve- museum "Issyk". Background, problem, solutions]. Otchet – Albom: Gosudarsvennyi istoriko-kulturniy zapovednik- muzey "Issyk". Red.: Almaty, 2015. 156b5.

Normativie y prakticheskyye meri po ohrane kulturi (2008) [Normative and practical measures for the protection of culture]. Spravochnyk UNESCO. Almaty. 309 str.

Tarihi-madeni murani Korgau jyne paidalanu [Protection and use of historical and cultural heritage]//URL: <http://ehistory.kz/publications/view/460>. Karalim Kuni 22.05.2020.

Taryhy-madeny mura obyektlerinin korgau aymaktarin, kurlis saludi retteu aymaktarin jane korgalatin tabygy lanshaft aykindaudin erejelerinen jane paydalanu rejimin bekitu turali [About approval of Rules and the mode of use of protection zones of objects of historical and cultural heritage, zones of construction regulation and zones of the protected natural landscape]. // URL:http://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V070004925_/20.08.2007. Karalym kuni 11.02. 2020.

Toqpanov E. A. (2019) Almaty oblysyndagy ishki turizmdi damytudagy kieli zherlerinin alatyn orny [Holy places in the development of domestic tourism in the Almaty region]. Qazaqstannyn kieli zherlerinin geographiyasy. Halyqaralyk gilimi tazhiribelik konpherencia materialdarinin zhinagy. 3 kazan.- Nur- Sultan, 345 b

Sem osobih sakralnih mest Almatynskoy jblasty [7 special holy places of Almaty region]//UR:<https://www.zakon.kz/4943305-7-osobyh-sakralnyh-mest-almatynskoy.html>. Karalim Kuni 14.02.2020.

Hollidey P.J. (1999) Time, History, and Ritual on the Ara Pacis Agustae //AB. December. vol. 72. №4. – P. 542-557

Upton A.F. (1998) Charles XI and Swedish Absolutism. Cambridge Cambridge University Press. P. 312.